

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша
білім бөлімі Атбасар қаласының №7 жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ психологиялық қызметінің
жылдық есебі 2023-2024 оку жылына

Білім беру жүйесінде психологиялық қызмет жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар деп аталатын 3 категорияны қамти отырып, психологиялық қызмет оку тәрбие үрдісін жақсартуға үлес қосады.

Психологиялық қызметтің мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік жасау, бала жаңын ұғыну.

Психологиялық қызметтің міндеті:

Ор баланың толық психологиялық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық ахуал туғызу.

Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың арасындағы өзара қарым – қатынас стилін реттеу.

Әлеуметтік және жеке даралық жетістіктерге жол ашу.

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастырудың таным үрдістерінің дамуына жол ашу.

Коршаған ортамен қарым-қатынас жасауға үйретуде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарының негізін қалау.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары-Смагулова Б.С.

2023-2024 оку жылында мектепшілік психологиялық қызметінің жоспарына сай 1,5,10 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін бақылау жұмысы жүргізілді. Ол жерде барлық сыныптарға сабактарына, сабактан тыс іс – шараларына қатысып, оқушылардың өзара және мұғаліммен қарым – қатынасы бақыланды. Сонымен қатар барлық сыныптарда «Буллинг және Кибербуллингке қарсымыз» атты сынып сағаттары өткізілді. Облыстық «Буллинг деген не?» атты онлайн-вебинарға мектеп Президенті Бақаева Аяулым қатысты. «Отбасылық зорлық- зомбылықтың алдын алу» тақырыбында жалпы мектептік ата – аналар жиналышы өткізілді. Сынып жетекшілер арасында «Буллинг деген не?» атты дөңгелек үстел өтті. Ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасы аясында «Отбасындағы буллингтің алдын алу» атты отырысы ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылшының мектебімізде « Жыныстық тәрбие» бағыты бойынша жасөспірімдер арасында жыныстық тәрбиеге байланысты бірқатар іс – шаралар ұйымдастырылады. Мектебіміздің биология пәнінің мұғалімі Г.Т.Шаяхметова 7-8-ші сынып оқушыларының арасында конференциялар өткізді. Бұл жерде балалар өздерінің денсаулықтарына деген көзқарастарын білдіріп, өз пікірлерін ортаға салып, талқылады. 10 - 11сынып оқушыларымен дәңгелек үстел басында сынып жетекшілері сұхбаттасты. Сонымен қатар мектеп психологи Шахметова А.Н. ұйымдастыруымен «Ерте жүктілік- заманауи мәселе» атты тренингтер өткізді. Бұл тренингтерге мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары қатысты. Тренинг барысында Асемгүл Назымбекқызы қыз балалардың ерте жыныс қатынасына баруының салдарына, ерте жүкті болуы себептеріне толық тоқталып кетті. Сонымен қатар мектебіміздің «Қыздар мектебі» клубының отырыстары өткізілді. Бұл кездесулерді мектебіміздің тәрбие ісінің менгерушісі Смагулова Бахыт Сериковна және мектеп психологи Шахметова Асемгүл Назымбековна өткізді. Әр сыныптың қыз балаларының жас ерекшеліктеріне қарай жыныстық тәрбие, жеке бас гигиенасы туралы толық мағлұмат беріліп, Мектебіміздің салтанат залында 7-11 сыныптары қыздарының қатысуымен кезекті отырыс өтті. Бұл кездесуде мектебіміздің қыз балалары «Қызға қырық үйден тыйым» деген тақырыпта әңгіме өткізілді. Әңгіме барысында арнайы слайдтер көрсетіліп, талқыланды. Әсіреле қыз балалардың тазалығы, киім киісі, өзін - өзі ұстасуы жөніндегі әңгіме қыздарға өте ұнады. Отырыс соңында қыздар үнемі өздерінің денелерін, киімдерін таза ұстасуарына, қай жерде болсын өздерін қазақ қызына сай ұстасуы керек екендігі туралы, «қызға қырық үйден тыйым» тақырыбының төңірегінде әңгіме болды. Қыз балалар ұлдармен қалай өздерін ұстасуы керектігі жөнінде де әңгімелесті. Жалпы мектеп бойынша жыныстық тәрбиеге байланысты түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі.

05.04. мектебінде аудандық ауруханасының дәрігерлері және психологымен 9-11 сынып қыздары арасында арнайы кездесу өтті. Мақсаты: жасөспірім қыз

балалары арасындағы ерте жүктілік мәселе сінің алдын алу. 01.04.-07.04. күндері аралығында мектебімізде арнайы жоспарға сай іс – шаралар өткізілді. Атап айтсақ 1-5 сыныптар арасында « Спорт есірткіге қарсы», атты спорттық ойындар сайысы, « Денсаулық маршы» атты жаппай жаттығулар. 6-11 сыныптар арасында салауатты өмір салтын насиҳаттайтын буклеттер, плакаттар көрмесі ұйымдастырылды.

1 –желтоқсан күні мектебімізде дүниежүзілік ЖИТС- ке қарсы күрес күніне акциясы өтті. Бұл акцияға 7-11 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: жасөспірімдердің арасында зиянды әдеттерден аулақ болуды насиҳаттау. «Бірінші байлық- денсаулық». Олай болса, «Қазақстан-2030» бағдарламасында көрсетілгендей өркениетті елдің әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал- ахуалы жақсы болуы үшін зиянды әдеттерден ішімдік, шылым шегушіліктен жерітіп, денсаулыққа, болашақ ұрпаққа жау екендігін ұғындыру. Маскүнемдіктің зардалтары. Маскүнем ата-аналардан туған балалар ұмытшақ, алаңғасар, халқымызға пайдасыз болып өмірге келетінін жете түсіндіру. Темекінің, арақтың зиянына ғылыми дәлелденген деректер бойынша нақты фактілермен көз жеткізу. Өркениетті елімізге лайықты зиянды әдеттерге қарсы күресетін, білімді де тәрбиелі тұлға қалыптастыру. Мектеп оқушылары арасында ішімдікке қарсы агитбригадалары өз бағдарламаларын көрсетті. Өзара ақпараттармен бөлісіп, талқыла салды.

23 қантар күні мектебіміздің Парламентінің кезекті отырысы өтті. Бұл отырыстың тақырыбы: «Зиянды әдеттердің алдын алу», мақсаты: мектеп оқушыларының зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал ету, салауатты өмір салтын насиҳаттау; Отырысқа мектебіміздің 7-10 сынып Президенттері, орынбасарлары және белсенділері қатысты. Мектеп Парламентінің мүшелері отырысқа жақсы дайындықпен келіп, ортада жасөспірімдердің арасындағы зиянды ішімдіктер, темекі, есірткі, электронды темекі жөнінде түрлі бейнероликтер, презентацияларды талқылады.

29-ші қыркүйек күні « Талап» құндылығы аясында, мектебімізде «Ақ бота» қыздар клубының отырысы өтті. Бұл отырыс «Кыздарға қырық үйден тыю»

тақырыбына байланысты өткізілді, қазақ қыздарының бойындағы тазалық, инабаттылық, адамгершілік, нәзіктік қасиеттері туралы әңгіме қозғалды. Отырысқа мектебіміздің 7-11 сыныптың қыздары қатысты. 10 А сыныбының оқушысы « Қыз –елдің көркі, гүл- жердің көркі» тақырыбында баяндама оқып, құрбыларымен өз оймен бөлісті. Сонымен қатар қыздарға түрлі қызықты сұрақтар қойылды. 29 қыркүйек күні сағат 18.00 -де жалпымектептік ата – аналар жиналышы өтті.

Күн тәртібінде:

1.Оқушыларға қойылатын бірыңғай қауіпсіздік талаптары мен ішкі ережелері. Қылмыстың және жол-көлік жарақатының алдын алу. Балалардың жеке қауіпсіздік ережелері, ақпараттық қауіпсіздік.

Мектеп директоры: Н.Алкенова. Аудандық II бөлімінің қызметкері:

Ундыбаев Бауржан Муратович.

2.Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру.

Б.Смагулова –директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.

3. Мектеп формасын сақтау туралы.

Мектеп директоры: Н. Алкенова.

4.Ерте жүктіліктің алдын алу.

Атбасар ауданының КАА салауатты өмір салты бөлімінің медбикесі:

Беккалиева Р.А. және Сексенбай Г.-медбике.

5.Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын ашу туралы.

Б.Смагулова –директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.

6. Мектептегі тамақ – дұрыс тамақтану. Муканова Г.К.-әлеуметтік педагог, Сексенбай Г.-медбике.

Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қарастырылып, талқыланды. Ата – аналар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныс

Мектептің әлеуметтік педагогы- Муканова Г.К.

1,5,10 сынып оқушыларының оқу-тәрбие үрдісінің жағдайына бейімделу процесі бақыланды.

Бірінші Сыныптарда жағдай бірқалыпты, оқушылардың өзара қарым-қатынастары жақсы, қақтығыс жағдайлар байқалмады. Балалар өзара, мұғаліммен тіл табысын кетті.

5-сынып оқушыларымен сыйып сағатында достық қарым - қатынас, үй тапсырмасын орындау, сабактан қалмау, сабакқа жауапкершілікпен қарастурылған туралы әнгіме жүргізілді.

10-сынып оқушылары жаңа жағдайда болғандықтан олардың бейімделуі бақыланған. Оку, бос уақытты және демалысты ұйымдастыру туралы әнгімелер жүргізілді.

Ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасы аясында «Отбасындағы буллингтің алдын алу» атты отырысы ұйымдастырылды. 2023-2024 оку жылында мектепшілік психологиялық қызметінің жоспарына сай 6-11 сыйып оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды әдеттерден бас тарту қажет. Зиянды әдеттерге темекі, алкоголь (ішімдік), есірткі және улы заттар жататыны туралы дәріс берілді.

Жыныстық қатынас туралы ер балалармен әнгіме жүргізілді.

Балаға жыныстық тәрбие жайында сөз қозғауда оның жасы маңызды екені белгілі. Баланың жасына лайықты «тілді» таңдал алу керек. Оқушыларға ВИЧ-ті қалай жүқтүру мүмкін екені туралы әнгіме жүргізілді.

ВИЧ инфекциясы қанға түскеннен кейін көбейе келе клеткаларды өлтіретіні және иммундық жүйе “жоғалған” иммундық жүйе бұзылатыны, жайшылықта аса қауіпті емес инфекциялардың алдында адам ағзасы шарасыз болып қалатыны туралы әнгіме жүргізілді.

Мектептің педагоги – психологи Шахметова А.Н
Оқушылардың бейімделуін бақылау жүргізілді. 1-сынып оқушыларынаң Керн- Йрасик әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді және 5-сыныптарда Н.Г.Лусканованаң әдістемесі бойынша оқушылардың бейімделуін анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. 1,5,10 сыйыптардан бейімделуін бақыладап сабактарына қатыстым. Сонымен қатар сыйып жетекшілермен «Буллинг, кибербуллинг» тақырыбында отырыс

болды алдын алу жұмыстары жүргізілді. 7-8 сыныптар арасында «Буллинг» тақырыбында шағын дәріс жүргізілді, оқушылар өз ойларымен бөлісті. 8-11 сыныптар аралығында «Ерте жүктіліктін алдын алу, жыныстық қатынастан берілетін аурулар» тақырыбында қыз балармен шағын дәріс жүргізілді. Оқушыларға ВИЧ-ті қалай жүктыру мүмкін екені туралы әңгіме жүргізілді. ВИЧ инфекциясы қанға түскеннен кейін көбейе келе клеткаларды өлтіретіні және иммундық жүйе “жоғалған” иммундық жүйе бұзылатыны, жайшылықта аса қауіпті емес инфекциялардың алдында адам ағзасы шарасыз болып қалатыны туралы әңгіме жүргізілді. Зиянды әдеттерге темекі, алкоголь (ішімдік), есірткі және улы заттар жататыны туралы дәріс берілді. Жыныстық қатынас туралы ер балалармен әңгіме жүргізілді. 10 - 11сынып оқушыларымен дөңгелек үстел басында сынып жетекшілері сұхбатасты. Сонымен қатар мектеп психологи Шахметова А.Н. ұйымдастыруымен «Ерте жүктілік- заманауи мәселе» атты тренингтер өткізді. Бұл тренингтерге мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары қатысты. Тренинг барысында Асемгүл Назымбекқызы қыз балалардың ерте жыныс қатынасына баруының салдарына, ерте жүкті болуы себептеріне толық тоқталып кетті. Сонымен қатар мектебіміздің «Қыздар мектебі» клубының отырыстары өткізілді. Бұл кездесулерді мектебіміздің тәрбие ісінің менгерушісі Смагулова Бахыт Сериковна және мектеп психологи Шахметова Асемгүл Назымбековна өткізді. Әр сыныптың қыз балаларының жас ерекшеліктеріне қарай жыныстық тәрбие, жеке бас гигиенасы туралы толық мағлұмат беріліп, Мектебіміздің салтанат залында 7-11 сыныптары қыздарының қатысуымен кезекті отырыс өтті

Мектеп директоры:

Алкенова А.Н

